

**Бейнеу ауданының
50 жылдығына орай жинақталған
“Бейнеу” балабақшасының”
энциклопедиясы**

1997 жылы Оңтайландыру саясатынан кейін аудан көлеміндегі барлық балабақшалар жабылып, ауданда 1998 жылы 1 маусымда «Бөбек» балалар бақшасы аудан әкімінің 1998 жылғы қыркүйектің 28-індегі №1039 шешімімен ашылды, оның алғашқы директоры Баймұңалова Набат Құлжабайқызы болды.



1998 - Балабақша өз жұмысын 4 топпен, яғни 1 сауықтыру тобы, 2 ақылы топ, 1 бюджеттік топпен бастады. Барлығы 80 бала тәрбиеленді. Оқыту бағдарламасы – «Балбөбек» бағдарламасын басшылыққа ала отырып, балабақшада небәрі 10 педагог жұмыс жасады. Олар: Ж.Абдуллаева, Р.Болжанова, Л.Есбергенова, С.Құсайынова, Қ.Көрпелиева, З.Керманова, М.Төлегенова, А.Ниязова, С.Базарбаева.



1999 жылы Аудан әкімінің 25.08.1999 жылғы №1627 шешімімен тамыздың 25-де балабақша базасында 4 МАД тобы ашылып, оған №2 Калинин орта мектебі қамтитын мөлтек ауданының балалары тартылды. МАД топтарының тәрбиешілері болып Д.Машырықова, Л.Есбергенова, Қ.Байсейітовалар жұмыс жасады.



Аудан әкімінің 01.02.1999 жылғы №1448 шешімімен «Бөбек» балалар бақшасы, «Балалар бақшасы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды.



2000-жылы балабакшада 3 МАД тобы, тәрбиешілері Қ.Байсейітова, С.Базарбаева, Р.Амалбаева, 1 сауықтыру тобы тәрбиешілері: Ж.Абдуллаева, С.Құсайынова, 2 ақылы топ тәрбиешілері: Қ.Көрпелиева, З.Керманова, Р.Болжанова, М.Төлегенова жұмыс жасады. Барлығы 80 бала тәрбиеленді.



2000 жылдың қараша айынан бастап мекеме директоры болып Ақшабаева Дәметкен Байқазаққызы тағайындалды.



2001-жылы Аудан әкімінің 05.11.2001 жылғы №142 шешімімен «Бейнеу балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды. Балабақшада 4 МАД тобы, тәрбиешілері: Қ.Көрпелиева, Ж.Еділова, Р.Амалбаева, Г.Доскожаева, Ж.Қожанова, 1 сауықтыру тобы тәрбиешілері: Ж.Абдуллаева С.Құсайынова, 1 ақылы топ тәрбиешілері: З.Керманова, Р.Болжанова, Ш.Сармурзаева жұмыс жасады. Барлығы 80 бала тәрбиеленді.



Бейнеу аудандық әкіматының 10.10.2001 жылғы №58 «Ана мен баланы дәрігерлік қамту және туберкулезге қарсы күрестің жайы туралы» қаулысы негізінде кәсіпорында тағы бір санаториялық топ ашылды.

2001 жылы облыстық «Үздік балабақша» байқауында «Ізденімпаз балабақша» номинациясы берілді.

2001 жылы мекеме директоры Д.Ақшабаева «Президенттің Алғыс хатымен» марапатталды.



2002 жылы Аудандық білім бөлімінің 04.01.2002 жылғы №1 бұйрығымен МАД топтары Ж.Қалдықараев атындағы орта мектебіне жіберіліп, орнына 2-ші ақылы аралас тобы ашылды. Тәрбиешілері: Ә.Шорабаева, Ж.Құрманғалиева. 2 сауықтыру тобы, тәрбиешілері: Ш.Сармурзаева, Қ.Көрпелиева, Ж.Абдуллаева, З.Керманова. 4 топ, 92 бала тәрбиеленді.



2002 жылы облыстық «Үздік тәрбиеші - 2002» байқауында
Көрпелиева Қаракөз жүлделі ІІІ орынды иеленді.



2003 жылы Балабақшада 2 ақылы топ, тәрбиешілері: Ә.Шорабаева, Ж.Құрманғалиева, З.Керманова, Ш.Сармурзаева, 2 сауықтыру тобы, тәрбиешілері: Қ.Көрпелиева, Р.Болжанова, Ж.Абдуллаева, С.Құсайынова жұмыс жасады. 4 топ, 112 бала тәрбиеленді.

Бұл жылдары жұмыс жасаған педагогтар: Қ.Көрпелиева, Р.Болжанова, Ә.Шорабаева, Ж.Құрманғалиева, З.Керманова, Ш.Сармурзаева, Ж.Абдуллаева, С.Құсайынова, С.Базарбаева.

2003 жылы мекеме директоры Д.Ақшабаева облыс әкімі жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссиясының «Әйел басқаратын Үздік кәсіпорны» 2 дәрежелі дипломымен марапатталды.



2004 жылы Бейнеу аудандық акиматының 25.12.2003 жылғы №212 қаулысы негізінде үздіксіз жасайтын сауықтыру тобы ашылды, оның тәрбиешілері: Ж.Абдуллаева, С.Құсайынова. 4 топ, 116 бала тәрбиеленді.



2004 жылы жұмыс жасаған педагогтар: М.Төлегенова,
Р.Болжанова, Қ.Көрпеліева, Ш.Сармурзаева, З.Керманова,
Ә.Шорабаева, Ж.Құрманғалиева, С.Базарбаева.




2005 жылы ақпан айында 2 топпен 40 орындық сауықтыру балабақшасы ашылып, ол бөлек ғимаратқа көшіріліп, орнына сыйымдылығына қарай 2 ақылы топ ашылды. Тәрбиешілері: З.Керманова, Ш.Сармурзаева, Б.Әбдірахманова, Ә.Шорабаева, Н.Сариева. 6 топ, 136 бала тәрбиеленді.



Облыстық «Үздік тәрбиеші - 2005» байқауында Қ.Көрпелиева І орынды иеленді.



2006 жылы Бейнеу аудандық әкіматының 22.12.2005 жылғы №274 қаулысы негізінде заңды тұлға болып табылмайтын 6 топ, 150 орындық «Балдырған» балабақшасы 4 топ, 80 орындық «Бөбек» балабақшасы 2 топ, 40 орындық «Үміт» бала бақшалары ашылды. Меңгерушілері: М.Төлегенова, А.Демеева, Т.Тәуекелова. 12 топ 270 бала тәрбиеленді.



2006 жылдары жұмыс жасаған педагогтар: С.Байымбетова, Г.Айтжанова, А.Айтжанова, Қ.Көрпелиева, С.Базарбаева, Д.Ахметова, Р.Жолаева, С.Құрманиязова, Р.Қылишаева, А.Қараева, С.Табышева, З.Әзірханова, Ш.Сармурзаева, Б.Әбдірахманова, А.Бекібаева, Г.Бердікұлова, Р.Төлегенова, Г.Байтілетова, Ә.Мұңалбаева, А.Оразай, Н.Боқаева, Ұ.Сәрсенбаева, Р.Тұрышева, Р.Болжанова, Ж.Абдуллаева, С.Құсайынова, З.Керманова, Ж.Құрманғалиева, А.Айткұлова, А.Амалбекова, Г.Абдуллаева, А.Тағанова, Г.Смағұлова т.б.

Облыстық «Үздік тәрбиеші – 2006» байқауында Сармурзаева Шаршаған І орынға ие болды. Базарбаева Светлана аудандық білім беру бөлімінің Құрмет грамотасын алды.



2007 жылы Бейнеу аудандық әкімдігінің 19.06.2007 жылғы №167 қаулысы негізінде Ақжігіт, Есет, Сыңғырлау, Қызыләскер, Төлеп, Тұрыш селоларында «Бейнеу балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының әрқайсысы 20 орындық бөлімшелері ашылды. 18 топ, 306 бала тәрбиеленді. Бейнеу аудандық әкіматының сәуір айында №274 қаулысы негізінде «Балауса» балабақшасы ашылды.



«Балдырған» балабақшасында 25 орындық МАД тобы ашылды, осы жылы «Балауса» балабақшасында 25 орындық 1 орыс тілінде тәрбиелеп оқытатын топ ашылды, тәрбиешілері: Е.Жеткеевич, А.Әуезова.



2007 жылы қызмет жасаған тәрбиешілер: М.Басболаева, М.Смағұлова, Қ.Жыққынбаева, Н.Сариева, Р.Болжанова, С.Құсайынова, С.Есенова, З.Керманова, Қ.Көрпелиева, С.Базарбаева, З.Әзірханова, Ғ.Ерғазиева, Ж.Құрманғалиева, Ж.Абдуллаева, Г.Баймұңалова, Л.Жолдыбаева, Г.Бөгетбай, Ж.Хилибаева, Р.Қилышаева, Г.Байтілетова, Г.Тастемірова, М.Шомақова, Г.Дауылбаева, Е.Жеткевич, А.Әуезова, А.Себепова, Х.Чумекеева, Г.Көрпелиева, О.Өтеулиева, Н.Батихова, Ж.Шораханова, М.Асанова, Қ.Көкекбаева. Облыстық «Үздік тәрбиеші – 2006» байқауында Ерғазиева Ғазиза II орынға ие болды.

Аудандық «Үздік тәрбиеші – 2007» байқауында Ерғазиева Ғазиза I орынға ие болды.



Облыстық «Үздік тәрбиеші – 2007» байқауында Ерғазиева Ғазиза II орынға ие болды. Сармырзаева Шаршаған Маңғыстау облысының Құрмет грамотасы, Маңғыстау облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының Алғыс хатына ие болды.



2008 жыды Бейнеу аудандық әкімдігінің 20.05.2008 жылғы №59 қаулысы негізінде «Бейнеу балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны оның құрамынан мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бағдарламасын жүзеге асыратын, түзеу үлгісіндегі білім беру ұйымы болып табылатын «Бейнеу сауықтыру балабақшасы» мемлекеттік мекемесі бөліп шығару жолымен қайта құрылды, оның алғашқы директоры – Т.Тәуекелова болып тағайындалды. 24 топ, 420 бала тәрбиеленді.



2008 жылы 4 балабақша халыққа қызмет көрсетті, олар: 6 топтық 150 орындық «Балдырған» балабақшасы меңгерушісі — М.Төлегенова, 2 топтық 40 орындық «Үміт» балабақшасы меңгерушісі Т.Тәуекелова, 4 топтық 80 орындық «Бөбек» балабақшасы меңгерушісі А.Демеева, 150 орындық «Балауса» балабақшасы меңгерушісі З.Әзірханова.



2007 жылы аудандық “Алқызыл гүлдер” сайысының поэзия жанрында тәрбиеленушілер Айландыров Ержан II орын, Бердібекова Үмітай I-орын, облыстан ынталандыру, ән жанры Саркүлов Ерлан- I орын дипломына ие болды.



2007 жылы аудандық “Бала тілі- бал” сайысында тәрбиеленушілер
Балжігітов Елхан I орын, Надирова Жансая бас жүлдеге ие
болды.




10.12.2008 жылы «Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға патриоттық тәрбие берудің ерекшеліктері» атты облыстық семинар өтті. Балабақшада 52 педагог маман еңбек етті.

Сәуір айында өткен облыстық «Бала тілі – бал» байқауында Ескендірұлы Айбек II орынды иеленді. "Алқызыл гүлдер" сайысының аудандық кезеңінде тәрбиеленуші Ердаулет Жадыра Бас жүлдеге ие болды.



Облыстық «Үздік тәрбиеші - 2008» байқауында А.Себепова ІІ
орынды иеленді.



КАМБАТАН РЕПУБЛИКАСЫ
МАМИСТАН СЫЛКЫЛАН ГОНУМ

«Мамыстан 35 жыл» атуалы татыл бейнеси
Мамыстан 35 жыллы калтыркум
жана дамууу кески 1.001 уулу

АКШАБАЕВА ДЕМЕТКЕН

ГОРНОСТАВЫ

Мамыстан А. Р. Акшбаева - К. К. К. К.



2008 жылы Көрпелиева Қарагөз Маңғыстау облысының білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

2009 жылы Бейнеу аудандық әкімдігі 14.04.2009 жылғы №67 қаулысы негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына тәрбиеленушілерді қабылдау үшін өтініштерді есепке алу, жолдамаларды рәсімдеу мен беру және бюджеттік топтарға қабылдау тәртібі туралы ереже бекітілді. 16 топ, 330 бала тәрбиеленді.

Облыстық «Үздік тәрбиеші- 2009» байқауында М. Асанова I орынды иеленді.

Осы жылы аудандық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен Байтілетова Гулмира, Тағанова Айым, Севепова Айнұр, Шораханова Жансұлу, Жолдасова Айман марапатталды. Базарбаева Светлана маңғыстау облысының білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

2010-жылы Бейнеу аудандык бiлiм бөлiмiнiң 10.09.2010 жылғы №134 бұйрығы негiзiнде «Балапан» бағдарламасын жүзеге асырудың 2010-2014 жылдарға арналған iс-шаралар жоспарын iске асыру мақсатында «Бейнеу балабақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсiпорынның құрамынан 4 топ, 80 орындық «Балдәурен» балабақшасы бөлiмшесi ашылды. Оның меңгерушiсi болып Қ.Көрпелиева тағайындалды. 28 топ, 700 бала тәрбиелендi.



2010 жылы “Тіл болашағы-балабақшадан” тәрбиеленуші Қалдыбаев Дидар аудандық кезеңде І орын, облыстан ІІ орынға ие болды. Тәрбиеленуші Камшат Қуатбаева аудандық кезеңде І орын, облыстық кезеңде де І орынға ие болды.



2010 жылы аудандық “Алқызыл гүлдер” сайыста тәрбиеленушілер
Пердебаев Азизбек II орын, Күзембаев Айберген III орынға ие
болды.



Бейнеу аудандық білім бөлімінің 01.11.2010 жылғы №153 бұйрығының негізінде «Бейнеу балабақшасы» МКҚК-ы құрамында 6 топтық 130 орындық «Балбұлақ» балабақшасы бөлімшесі ашылды. Оның меңгерушісі болып Р.Болжанова тағайындалды.



Бейнеу аудандық білім бөлімінің 01.11.2010 жылғы №153 бұйрығының негізінде «Бейнеу балабақшасы» МКҚК-ы құрамында 2 топтық 50 орындық «Әйгерім» балабақшасы бөлімшесі ашылды. Оның меңгерушісі болып К.Жаңбырова тағайындалды.



2010 жылы мекеме директоры Д.Ақшабаева Маңғыстау облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.



2011 жылы Бейнеу аудандық білім бөлімінің 15.12.2010 жылғы №190 бұйрығының негізінде «Бейнеу балабақшасы» МКҚК-ы құрамында 8 топтық 200 орындық «Алтын ұя» балабақшасы бөлімшесі ашылды. Алғашқы меңгерушісі болып А.Нұрмағанбетова тағайындалды. 37 топ, 925 бала тәрбиеленді.



Бейнеу аудандық білім бөлімінің 15.03.2011 жылғы №51 бұйрығы негізінде «Балапан» бағдарламасын жүзеге асырудың 2010-2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында «Бейнеу балабақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорынның «Балдырған» бөлімшесінің құрамына әлеуметтік жағынан қолдауды қажет ететін отбасы балаларына арналған 1 топ енгізіліп, 7 топ ашылды.

Осы жылы мекеме директоры Д.Ақшабаева Аудандық білім бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды.




2011-жылы “Балдырған” бөбекжайының тәрбиешісі Байтілетова
Гүлмира облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен
марапатталды.



2012 жылы Бейнеу аудандық әкімдігінің 17.08.2011 жылғы №98 қаулысы негізінде «Балапан» мемлекеттік бағдарламасын тиімді жүзеге асыру және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының желісін кеңейту мақсатында: Бейнеу аудандық әкімдігінің «Балауса балабақшасы», «Балдырған балабақшасы», «Бөбек балабақшасы», «Балдәурен балабақшасы», «Балбұлақ балабақшасы» болып «Бейнеу балабақшасынан» бөлініп шығарылды.

2012 жылы «Бейнеу балабақшасы» 175 орындық жаңа ғимаратқа көшірілді. 7 топ, 175 бала тәрбиеленді. «Бейнеу балабақшасының» құрамынан 1 топтық 25 орындық «Ертөстік бөлімшесі» ашылды.

2012 жылы ағылшын тілі маманы Тастемирова Гаухар облыстық «Үздік педагог-2012» байқауының бас жүлдегері, «Жыл адамы-2012» номинациясын иеленді.



09.11.2012 жылы «Бейнеу» балабақшасында «Ауылдық жерлердегі «Балапан» бағдарламасының орындалысы» атты облыстық семинар өтті.

2013 жылы «Маңғыстау Маңғаз мекенім» атты аудандық педагогикалық оқылымда әдіскер Кожанова Жаным ІІ орын, мекеме директоры Д.Ақшабаева І орынға ие болды.





2013 жылы облыстық педагогикалық оқылымда мекеме директоры ІІІ орын алып, Республикалық «Педагогтың кәсіби өсуі-білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің басты шарты» атты білім беру қызметкерлерінің Бірінші Республикалық педагогикалық оқуларына қатысып, 4 томдық Республикалық «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының әзірлеген баяндамалар жинағына енді.

Балабақшаның шығармашылық тобы әзірлеген «Өлке» авторлық бағдарламасы қолданысқа енгізілді. Астана қаласы «Ұлттық Бизнес-рейтинг» бойынша мекеме «Сала көшбасшы-2013» медалімен, «Лидер отрасли -2013» сертификатымен марапатталды.



2013 жылы мекеме есепшісі Қ. Сәрсенбаева «За эффективность» медалімен, Ресей, Украина, Беларуссия және Қазақстан Республикасы кәсіпорындары арасындағы ұлттық бизнес-рейтинг қорытындысымен



Мекеме директоры: Национальный сертификат
«Специалист года 2013», «Слава Казакстана» Орденімен
марапатталды.

2013 жылы мекеме директоры Д. Акшабаева аудан
әкімінің Алғыс Хатымен марапатталды.



2013 жылы аудандық педагогикалық оқылымда Ш.Азизова Ынталандыру алды.

2013 жылы Аудандық “Жауқазын” өнер фестивалінде Атабаева Ақтолқын І орынға ие болды.



2014 жылы аудандық «Үздік педагог»-2014 сайысында тәрбиеші Кожанова Жаным I орынды иеленді.

“Ең үздік ұйым – 2014” облыстық байқауында «Бейнеу» балабақшасы БАС ЖҮЛДЕ иеленді. Облыстық білім департаментінің Дипломымен марапатталды.



2014 жылы мекеме директоры Д. Ақшабаева Қазақстан
маслихаттар депутаттары бірлестігінің «Қазақстан
маслихаттарына 20 жыл» мерекелік медалымен марапатталды.



2014 жылы ән-саз жетекшісі С.Базарбаева Маңғыстау облыстық филиалы «Нұр Отан» партиясының Алғыс Хатымен марапатталды.



2014 жылы 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне арналған, балабақша қызметкерлері арасында (әйел) өткен аудандық Волейбол жарысында «Бейнеу» балабақшасы командасы I орын алды.



2014 жылы “Бейнеу бөбекжайы” облыстық білім беру басқармасы ұйымдастырған “Білім ұясы: Ең үздік мектепке дейінгі ұйым-2014” сайысында бас жүлдеге ие болды.



2015 жылы аудандық 1941-1945ж.ж Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына арналған аудандық сырттай мәнерлеп оқу сайысында, Амантай Аиза I орын иеленді.



Аудандық Ұлыстың Ұлы күні наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, Наурыз!» атты 5-6 жас арасында сырттай аудандық сурет байқауында Қарабала Айгерім Бас жүлдені иеленді.



2015 жылы 1941-1945ж.ж Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына аранлған әскери-патриоттық әндерін сахналау аудандық байқауында жеке номер бойынша «Бейнеу балабақшасы ұжымы» ІІІ орын иеленді.



2015 жылы 1941-1945ж.ж Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70 жылдығына аранлған әскери-патриоттық әндерін сахналау аудандық байқауында ансамбльдер бойынша «Бейнеу балабақшасы ұжымы» І орын иеленді.

2015 жылы Д.Ақшабаева аудандық білім беру бөлімінің Алғысымен марапатталды.



2015 жылы мекеме директоры Д.Ақшабаева “Ыбырай Алтынсарин” медалімен марапатталды.



2015 жылы Қазан айында мекеме мемлекеттік аттестациядан өткізілді.

2015 жылы 01.10 айында мекеме директоры болып С. Базарбаева тағайындалды.



2015 жылы 1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған “Жауқазын” аудандық балалар шығармашылығы өнер фестивалінің “Нұрға бөлену” номинациясы бойынша Амантай Аиза “Бас жүлде” алды.



2015 жылы 1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған “Жауқазын” аудандық балалар шығармашылығы өнер фестивалінің “Биырғағы” номинациясы “Бейнеу” балабақшасы тәрбиеленушілері бойынша III орынға ие болды.



2016 сәуір айында мекеме карауындағы «Ер Төстік» бөлімшесі жабылып, балабақша 7 топтық, 175 баламен қалдырылды.

Аудандық «Білім берудегі инновация және тәжірибе –уақыт талабы» тақырыбындағы педоқылымда тәрбиеші А.Кульсумакова ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды.



Тамыз айында өткізілген «Үздік тәрбиеші – 2016» аудандық онлайн байқауында Ж.Хожахметова III орынды иеленді.



«Үздік тәрбиеші – 2016» аудандық байқауында А.Кульсумакова III орынды иеленді.



2016 жылы мекеме директоры Д.Ақшабаева Маңғыстау облысының әкімінің Алғысымен марапатталды.



«Жауказын-2016» аудандық өнер фестивалінде тәрбиеленушілер”
Әнші балапан” номинациясы бойынша III орын, “Би ырғағы”
номинациясы бойынша II орын иеленді. Жетекшісі: Н.Батихова.
“Нұрға бөлену” номинациясы бойынша Амантай Саян III орын
иеленді.



2017 жылы қаңтар айында мекеме директоры болып Д. Ақшабаева тағайындалды.



Ақпан айында мекеменің озық тәжірибесі «Мектеп_ жасына дейінгі баланы заман талабына сай тәрбиелеу» - тақырыбында өткен облыстық семинарда «Бейнеу бөбекжайының» озық тәжірибесі көрсетілді.

Ақпан айында, мекемеде «Жаңа инновация – заман талабы» атты аудандық семинар өтті.

«Бейнеу бөбекжайы» МКҚ кәсіпорны аудандық семинар қабылдағаны үшін Аудандық білім бөлімінің АЛҒЫСымен марапатталды.



Наурыз айында өткізілген «Үздік тәрбиеші – 2017» байқауында
А.Қожанова ІІ орын иеленді.



Наурыз айында өткізілген «Болашақ – білімді ұрпақтың кепілі» атты аудандық педагогикалық оқылымда Н.Төреханова ІІ орынды иеленсе, облыстан сертификат иеленді.



Аудандық «Жомарт жүрек, жұмсақ қол» қайырымдылық шарасында ІІІ орынды иеленді.

2017 жылы “Бейнеу” бөбекжайының директоры Д.Ақшабаева “Мәңгілік ел” патриоттық актісіндегі бірінші құндылық: Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астанасы” тақырыбындағы Республикалық семинар-тренингке белсенді қатысқаны үшін “Өрлеу” біліктілікті арттыру ұлттық орталығы” ҚР Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институты директоры Ж.Ә.Мақатованың Алғыс хатымен марапатталды.



2017 жылы мамыр айында балабақшада аудандық Директорлар семинары болып өтті.

2017 жылы Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы ұйымдастырған аудандық, облыстық «Табиғатпен үндес балабақша» байқауында І дәрежелі Дипломмен марапатталды.



2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша «Үздік білім беру ұйымының басшысы» номинациясымен Д.Ақшабаева марапатталды.



2017 жылы “Бейнеу” бөбекжайы облыстық “Салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметінің 20 жылдығына орай өткізілген “Денсаулық фестивалі” шарасында Алғыс хатқа ие болды.



2017 жылы “Бейнеу” бөбекжайы әдіскері Қожанова Жаным республикалық әдіскерлік қызметтегі педагогикалық шеберлігі мен кәсіби біліктілігі үшін “Үздік әдіскер” төсбелгісімен марапатталды.



2018 жылы ақпан айында ағылшын тілі маманы Тастемірова Гаухар «Жанашылдық, өзгеріс, жаңа әдіс-тәсілдер-балабақшада» тақырыбындағы педоқылымда ауданнан **БАС ЖҮЛДЕ**, облыстан ынталандыруды иеленді.



2018-мамыр айында «Бейнеу б-бекжайы» МКҚК–ның 20 жылдық мерейтойы бөбекжай базасында аталып өтті



2018 жылы “Үздік балабақша педагогы” атты республикалық жобаға озық “Үй құстарының пайдасы” тақырыбында іс – тәжірибесін ұсынғаны үшін Төреханова Нуржамал Кубаевна марапатталды.



2018 жылы қазан айында «Бейнеу бөбекжайы» МКҚК Маңғыстау облысы әкімінің «Білім үздігі» 2018 премиясын жеңіп алып 1000 000 теңге сертификатын иеленді



2018-жылы «Үздік тәрбиеші-2018» аудандық сырттай байқауында тәрбиеші Ж.Хожахметова жүлделі II орынға ие болды.



2018 жылы Атырау қаласында өткен Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігі “Бейбітшілік әлемі” ұйымдастырған “Мәңгі ел-Қазақстаным!” фестивалінде “вокал” жанрында Аманқос Назерке I орынға ие болды. Жетекшісі ән –саз маманы Нуржанат Батихова





2018 жылы Біріккен Араб Әмірліктері мемлекеті Дубай қаласында өткен Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігі “Бейбітшілік әлемі” ұйымдастырған “Мәңгі ел-Қазақстаным!” фестиваліне қатысып, ән-саз маманы Нуржанат Батихова Алтын Медаль, Гран При, Алғыс хатқа ие болды. Аудан әкімінің Алғыс хаты берілді.



2019 жылы «Жанашылдық, өзгеріс, жана әдіс-тәсілдер-
балабақшада» тақырыбындағы аудандық педокылымда
А.Хыдырбаева жүлделі ІІІ орын иеленді.

“Үздік тәрбиеші-2019» аудандық байқауында тәрбиеші
Н.Тореханова жүлделі ІІІ орынды иеленді.



2019 жылы музыка пәні мұғалімі Н.Батихова облыстық білім басқармасының Алғысымен, ағылшын тілі мұғалімі Г.Тастемірова облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.



2019 жылы «Жауказын» балалар шығармашылығы өнер фестивалінің аудандық кезеңінде «Әнші балапан» номинациясы бойынша тәрбиеленушілер ІІ дәрежелі дипломмен (жет. Н.Батихова), «Би ырғағы» номинациясы бойынша тәрбиеленушілер ІІ дәрежелі дипломмен (жет. Р.Бекхожаева), «Нұрға бөлену» номинациясы бойынша тәрбиеленуші Ирлан Акдидар ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды (жетекшілері Н.Тореханова, А.Мендикулова).



2020 жылы «Үздік педагог-2020» аудандық байқауында әдіскер Ш.Азизова жүлделі ІІ орынға иеленді.



2020 жылы «Жаңашылдық, өзгеріс, жаңа әдіс-тәсілдер балабақшада» тақырыбындағы аудандық педокылымда дене тәрбиесі мұғалімі А.Ешанова жүлделі ІІІ орынға ие болды.

2020 жылы «Жаңашыл басшы» аудандық байқауында Бөбекжай директоры Д.Акшабаева Бас жүлде алып, МДҰ басшыларының облыстық байқауынан жүлделі І орынға ие болды.



2020 жылы бөбекжай басшысы Д.Ақшабаева Білім және Ғылым министрінің Құрмет грамотасымен және ағылшын тілі мұғалімі Г.Тастемірова Білім және Ғылым министрінің Алғыс хатымен марапатталды.





2020 жылы «МД тәрбие мен оқыту жүйесінің педагог кадрларын даярлау мәселелеріндегі мемлекеттік білім беру саясатының жаңа тәсілдері» тақырыбындағы педагогтердің біліктіліктерін арттыру бойынша презентациялар облыстық сырттай байқауында тәрбиеші М.Айдымбекова ІІІ орынға ие болып, облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Абай-дара, Абай-дана қазақта» тақырыбында аудандық сырттай мәнерлеп оқу байқауында тәрбиеленуші Асылбекқызы Әсел І дәрежелі дипломды иеленді, жетекшісі Ж.Хожахметова.

«Абай-дара, Абай-дана қазақта» тақырыбында облыстық сырттай мәнерлеп оқу байқауында тәрбиеленуші Асылбекқызы Әсел ІІ дәрежелі дипломды иеленді, жетекшісі Ж.Хожахметова.



2020 жылы мекеме басшысы Д.Ақшабаева Маңғыстау облысының әкімінің Алғысымен марапатталды.



2021 жылы «Үздік тәрбиеші-2021» аудандық байқауында
тәрбиеші Айдымбекова Меруерт жүлделі II орынды иеленді.



24 тамыз айында «Бейнеу» бөбекжайы базасында Инклюзия кабинеті ашылды. Дарынды балаларды анықтау мақсатында кәсіпкерлердің қолдауымен Интеллектум кабинеті ашылды.



Ұстаздар мерекесі қарсаңында музыка жетекшісі Н.Батихова облыс әкімінің «Маңғыстау облысының білім беру саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен және 500 000 тенге сертификатпен марапатталды.



2021 жылы «Ұлы даланың алып қоңырауы» атты аудандық педокылымда тәрбиеші Н.Елеусинова I орынға ие болды.



2021 жылы «Ана тілің-арың бұл» атты өлеңдер, ертегілер, әңгімелерді мәнерлеп оқу челленджі бойынша аудандық байқауда бөбекжай тәрбиеленушілері Алғыс хатпен марапатталды, жетекшісі Н.Елеусинова



2022 жылы “Бейнеу” бөбекжайы директоры Д.Ақшабаева Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізу кезінде жоғары кәсіби және ұйымдастырушылық деңгей көрсеткені үшін ҚР Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Н.Әбдіровтың Алғыс хатына ие болды.



2022 жылы “Бейнеу” бөбекжайы директоры Д.Ақшабаева кәсіподақ қозғалысының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстандық салалық білім және қызметкерлерінің кәсіподақ төрайымы А.Мұқашеваның Құрмет грамотасымен марапатталады.



2022 жылы “Бейнеу” бөбекжайы директоры Д.Ақшабаева “Ұстаздар күні” мерекесі қарсаңында ҚР Білім және Ғылым министрі А.Аймағанбетовтың алғысымен марапатталды.

Құрметті Дәметкен Байқазақұмы!

Сізді кәсіби мереке — Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Ұстаз — ел болашағын сеніп тапсырағ, төресіз Ғұлақсанның әрі қарай
нығайына ұлас қосар оқсатқ ұрпақты тәрбиелейтін беделді тұлға.
Қоғам мен адамзат алдындағы жауапкершілігі жоғары өзшеусіз ербейіңіз!
Алғысымды білдіре отырып, Сізге зор денсаулық, шынармашылық, табыс пен
жемісті еңбек, отбасыңызға амандық тілеймін!

Бұл марапат,
Министр

А. Аймағанбетов

А. Аймағанбетов



2022 жылы наурыз айында “Бейнеу” бөбекжайының тәрбиеленушілері «Шымырлық пен Шеберлік күні» аудандық байқауында «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» қолөнері бойынша тәрбиеленушілер ІІ дәрежелі дипломды иеленді, «Ханталапай» ұлттық ойыны бойынша тәрбиеленушілер “Ерекше жетістікке жеткені үшін” грамотасымен марапатталды. Жетекшісі Ещанова А.



2022 жылы 30-наурыз күні «Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» тәжірибесінен республикалық шебер-сыныптың аудандық байқауында Наурызбаев Тілек жүлделі I орынға ие болды.



III дәрежелі

ДИПЛОМ

«Әбестенке дейінгі ұйымның үздік педагогі»
құбылым сыртай байқауында

«Бейне» бөбекшайым» жедел басқару
құжындағы меңзекеттік коммуналдық
қазымалдық кәсіпорнынның тәрбиешісі

Есмазова Заира Бекетовна

мариеттаиды

Бөлім басшысы  Ш. Дияулы

2022 жыл 26.12.22



2022 жылы 04-мамыр күні «Мен зерттеушімін» аудандық сырттай байқауында тәрбиеленуші Аянат Мендібай Өлібекқызы жүлделі 1-орынды иеленді. Жетекшісі әдіскер Ш.Азизова.



«Үздік тәрбиеші - 2022» аудандық байқауында тәрбиеші
А.Алпысбаева жүлделі ІІІ орынға ие болды.



«Үздік әдіскер- 2022» аудандық сайысы Азизова Шолпан І орын иеленсе, облыстық қашықтық байқауында ІІ орын алды.



2022 жылы Кәсіптік одағының Маңғыстау облыстық ұйымы”
Қоғамдық Бірлестігінің “Құрмет грамотасымен” тәрбиешілер
Кульсумакова Алмахан және Хожахметова Жібек марапатталды.



«Үміт» аудандық шығармашылық өнер фестивалінде “Бейнеу бөбекжайының” тәрбиеленушісі Дүйсенбек Тоғжан III орын, жетекшісі ән-саз маманы Н.Батихова. Асқар Әміре “Ерекше жетістікке жеткені үшін” грамота иеленді, жетекшісі логопед-дефектолог Ж.Курмангалиева.




2023 жылы «Ана, әже және мен» аудандық сырттай байқауында тәрбиеленуші Дүйсенбек Тоғжан Нұрланбекқызы II дәрежелі дипломды иеленді. Жетекшілері Елеусинова Н., Есниязова З.



«Үздік тәрбиеші- 2023» аудандық сайысы Кульсумакова
Алмахан “Бас жүлде” иеленді.



«Үздік педагог-2023» аудандық сайысында логопед-педагог Ж.Курмангалиева иеленді.



«Шымырлық пен шеберлік күні»-2023 аудандық
сырттай байқауында «Ханталапай» сайысында «Бейнеу
бөбекжайы» тәрбиеленушілері ІІ орын иеленді.
Жетекшісі А. Ещанова



«Шымырлық пен шеберлік күні»-2023 аудандық сырттай байқауында “Әке көрген оқ жонар” сайысында “Бейнеу бөбекжайы” тәрбиеленушілері II орын иеленді. Жетекшісі: А.Алпысбаева.



«Мен зерттеушімін» аудандық сырттай байқауында
“Бейнеу” бөбекжайы” тәрбиеленушісі Нұрлыбай
Айсана II орынға ие болды. Жетекшісі Ш.Азизова.



«Балаларға базарлық» аудандық сырттай байқауында бөбекжайымыздың тәрбиешісі Алпысбаева Айгүл II орынды, тәрбиеші Елеусинова Назира аудандық кезеңнен I орынды, облыстық кезеңде ынталандыру дипломымен марапатталды..



«Біз жеңісті жырлаймыз!» аудандық сырттай байқауында
“Бейнеу” бөбекжайының тәрбиеленушілері Досбол Арлан I орын,
жетекшісі Орынша Сарыева, Мырза Айнамкөз II орынды иеленді,
жетекшісі Бақтылы Шайхығалиева.



«Қызыққа толы сәт» аудандық байқауында Хыдырбаева Анардың дайындаған бүлдіршіндері жүлделі ІІІ орынға ие болды.



«Бақытты балалық шақ аудандық сырттай байқауында тәрбиеші Маржан Наушабаева жүлделі II орынды иеленді.



Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының “Үздік жылыжай-2023” облыстық байқауында “Бейнеу бөбекжайы” жүлделі II орынға ие болды.



«Жауқазын» аудандық байқауында «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша жүлделі ІІІ орынды, «Би ырғағы» номинациясы бойынша бас жүлдені иеленіп, облыстық байқауға жолдама алды..

